

Оңтүстік Қазақстан Медициналық Академиясы

Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы

МӨЖ

Тақырыбы: Дін және философия

Орындаған: Амангелді А.

Тобы:

Қабылдаған: Кемелбеков Қ.

Шымкент-2018

ЖОСПАР:

- I.Кіріспе
- II.Негізгі бөлім
 - 2.1.Дін философиясы және дінтану.
 - 2.2. Дінтанудың дін философиясынан айырмашылығы.
 - 2.3.Атеизм және дінге қарсы болушылық.
- III.Қорытынды.
- IV.Пайдаланылған әдебиет.

КІРІСПЕ

Діни дәстүрлер ерте заманнан бастап, бүгінгі заманға дейін әрбір халықтардың рухани өміріне үлкен әсерін тигізуде. Сол себептен діннің негізін білу үшін азамат осы кезге дейін іздеуде.

Дінді философиялық анықтау әрбір тұрғыда болды. Оның себебі, **біріншіден** «анықтау» методы мен принциптеріне байланысты. **Екіншіден** идеалистік және материалистік тұрғыдан анықтау.

**Философтардың
идеалистік топтары
(олар да әрбір
салаларға бөлініп
кетеді) **дінді**
адамның сапалық
түсінігі ретінде, туа
туғаннан берілетін
сезім ретінде, оның
керектілігін және
мәңгілігін
дәлелдейді.**





И.Кант (1724-1804):

**Ол Құдайдың
барлығын
дәлелдейтін
теологиялық
көзқарастарды
санай отырып,
Құдайдың
болмысын
моральдік
принциптерімен
теңейді.**

И.Кант өзінің «Кіршіксіз таза парасат шеңберіндегі дін» деген еңбегінде танымның трансцендентті нәрсенің (о дүниеліктің) қарама-қайшылығын сезімінен басталуға тиіс екенін көрсете келіп, жалпы алғанда, философияның қарама-қайшылығын ашып берді, ал трансцендентті нәрселерге ол құдайлар және адамның трансцендентальды (осы дүниенің) ерекшелігі туралы түсініктерді жатқызды.

Кант былай деді:

құдай құбылыс ретінде белгі бермегендіктен, оның бар екенін дәлелдеу де, теріске шығару да мүмкін емес деді. Құдай туралы мәселе – діннің ісі деді. Біз құдайдың барлығын дәлелдей алмаймыз, бірақ моральдік принциптер, өнегелілік сезімдер, құдайдың барлығын дәлелдеуге даяр тұрады.

Неміс
философы **Г.В.
Ф. Гегель**
(1770-1831):

Құдайды
абсолюттік
идеямен,
абсолюттік
руханимен теңеп
барлық нәрсе
солардан шығып,
соларға қайта
оралады – деді.



Материалистік философияда дін жеке адамның және қоғам өмірінің күрделі рухани құбылысы есебінде қарастырылады. Оның негізгі аспектілері:

Дін - дегеніміз жеке адамның, ұжымның, қоғамның рухани өмірінің айғағы;


Дін - дегеніміз әлемді рухани-практикалық тұрғыда меңгеру;

Дін – рухани өндіріс аймағы;

Дін – қоғамдық сананың бір формасы, идеалдылық жемісі мен формасы.



Материалистік философияның өкілінің бірі Л. Фейербах (1804-1871), дінді адам болмысы бейнесі ретінде түсіндірді. «Адамды жаратқан құдай емес, керісінше, адам өзіне сәйкес, өз бейнесі бойынша құдай жасап шығарған» деп түсіндірді.



К.Маркс болса, дін туралы былай деді: «Адам дегеніміз – адамның дүниесі, мемлекет осы қоғам дінді, дүниеге бұрыс көзқарас туғызады, өйткені олардың өзі – теріс дүние.

Дін тану

жеке басқа ғылымдардың салаларымен атап айтсақ (философия, психология, социология, феноменология, дін тарихі және т.б.) араласа отырып дамиды. Олардың ішінде ең бір басты орны философиялық мазмұны болып есептеледі. Себебі философия әмбебаптық көзқарас болғандықтан, оның жалпы заңдылық көзқарасы мен категориялары барлық ғылым салаларына тікелей қатынасы бар.

Теология (грек) –

құдай және ілім, яғни құдай туралы дін ілімі – белгілі діннің ілімдерін жүйелеу деген түсінік береді.


Теологиялық анықтама бойынша –

Құдай – реалді күш және адам өзінің өмір сүру процесінде онымен қатынас жасайды. Теология – барлық үлкен діннің догмаларының жүйесі.



Дін дегеніміз

Құдай мен адамның
кездесуі деп
түсіндіреді. Себебі
дін дегеніміз
(латын сөзі)
«байланыстыру»
деген сөз арқылы
анықтайды дейді.



Діннің шығуы туралы көзқарастар

прамонотеизм

көне дәуірде көп діндердің шығуы алдында барлық адамдарда бір ғана дін болған, яғни олардың барлығы бір Құдайға – Жаратушы күшке сенген.

дінсіз дәуір

адамзатта өте көп уақыт дінсіз дәуірлер болды дейді; яғни адамзаттың шамамен жасын 2 млн.жыл деп алсақ, оның 1 млн. 900 мың жылы дінсіз дәуір болды.

Ең ертедегі діни түсінік – өлген адамдардың аруағына табыну. Ол кезде әлі «дербес» құдайлық түсінік болмады. Алғашқы таптық қоғамға дейін құдайлардың мүсіндері тікелей қоршап тұрған табиғаттан алынып отырды. Сол кездегі ең бір қарапайым және жабайы діни сенімдер **фетишизм, тотемизм, магия** және **анимизм** деп аталады.

Фетишизм –

(португ. сөзінен сиқырлы зат) деп әртүрлі заттарды, кейде өсімдіктерді киелі ету.

Фетиштің заттары – табиғи: тас, ағаштың бөлігі, аңның тісі, келе келе қолдан жасалған заттар: талисман, крест, икон, жарты ай т.с.с. Осындай заттардың арқасында әр түрлі аурудан сақтану, көз тиюден сақтау, жаулардан сақтау, аң аулауда ол заттар жәрдем беруі және т.с.с.

Тотемизм –

өсімдіктер және жануарлардың адамға қанды туыстық қатынасы бар деп түсіну. Ертедегі рулық қоғамда аң аулау мен үй жануарлардың адам өміріне, оның өмірі тікелей сол жануарларға байланысты болғандықтан (жануарлар тамақ болды, киіндірді, көлік болды), малдардың алдында ризашылығын білдіріп, жануарлардың бірнеше түрлерін киелі етіп қарастырды.



Магия –

**(грек. тіл.
сиқыршылық,
тәуіпшілік), бір
объектіге
иррационалды түр
мен әсер ету, немесе
әртүрлі сөздермен
сол бір кезекті
оқиғаны өзінің
көзқарасына сәйкес
етіп өзгерту.**

Анимизм (лат. тіл. жан) –

жан бар дегенге сену.
Анимизмнің алғашқы түрі **аниматизм** деп аталады. Аниматизмдік түсінік жан мен тән (дене) бірге өмір сүреді. Тән өлсе немесе қираса, жан да өледі. Ал, анимизмде «жан» тәннен дербес өмір сүре алады. Мұндай түсініктің ертедегі адамдардың көптеген құбылыстарды білмеуі, түсінбеуінің нәтижесі. Мысалы, түс көру, ауыру, өлім, тағы сондай әсердің және галлюцинациялық елестетудің не екенін білмейді.



Атеизм мен дінге қарсы болушылық.

Атеистік көзқарастың көрнекті өкілдері француз философ-ағартушылары болды. Олар:

Дени Дидро (1713-1784)

Клод Гельвеций (1723-1771)

Жнальен Ламетри (1709-1750)

Поль Гольбах (1723-1789)

Атеистік көзқарастықтың қайнар көзі Ж. Мелье (1664-1739)

Өзінің «Завещание» деген бір шығармасында әлемнің мәңгі екенін, оны ешкім жасамағандығын, Құдайдың болмысының барлық теориясын сынға алып, деистік көзқарастарға қарсы шықты. Шығармасының ең негізгі идеясы, толығынан құдіретті күштің жоқтығын дәлелдеуге тырысты. Бұндай көзқарасты француз ағартушылары толығынан қабылдап әрі қарай дамытты.



**Гольбах өзінің
материалистік
философиясында
негіздеді. Ол «система
природы» деген
еңбегінде: «Әлем деген
барлық нәрселердің
орасан зор жинағы. Оны
біз материя деп атаймыз.
Материяның өмір сүруі
қозғалыс. Қозғалыс
материяның негізі.
Материядан тыс ештеңе
жоқ» - деп түсіндірді.**



**ХІХ ғасырда француз
материалистерінің атеизмі,
классикалық неміс философы М.
Фейербахтың дінге деген атеистік
көзқарасты материалистік
антропология арқасында дамыды.
Ол өзінің «Христиан дінінің мәні»,
сондай-ақ «діннің мәні туралы
лекциялар» және т.б.
шығармаларында дінді өткір
сынады.**

Жаңа дін дегеніміз –
адамға адамның
сүйіспеншілігіне
негізделген қатынасты,
адамның табиғатынан
шығатын бақытқа
ұмтылысы.

К.Маркс пен Ф.Энгельстің атеизмі.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің философиялық, атеистік көзқарастары оларға дейінгі философиялық еңбектердің тікелей әсерімен қалыптасты, әсіресе Гегельдің идеалистік диалектикасы мен Фейербахтың антропологиялық философиясы үлкен әсерін тигізді. Осы философтардың творчествосын өңдей отырып, олар диалектикалық материалистік философия негізін жасады.


В.И.Ленин атеистік принциптері:

- 1. шіркеу мемлекеттен бөлінуі керек;
- 2. әрбір адамның дінді ұстау ұстамауы, ауыстыруы, оның жеке баісі болуы керек;
- 3. барлық мемлекеттер азаматтары заң алдында тең болуы керек;
- 4. атеистік тәрбиені, сол социализм дамуына биім деп жіргізу керек және т.с.с саяси принциптер қойылды.



XX ғасырдағы еркін ойшылдық

Неопозитивизмнің өкілі Расиль (1872-1970) «Почему я не христианин» деген еңбегінде христиан мораліне қарсы шығып, «еркін ақылдық ғылым» деген моральді көзқарасты құрастыруға тырысты. Христиан діні ілімге сүйеніп емес, адасудан шыққан деп көрсетті. Адасудың басты себебі – қорқыныш және ол өлім алдындағы қорқыныш – деді.



**З.Фрейд
(1856-1939) болса
дін өнегеліліктің
негізі бола
алмайды деді. Тек
ақыл бостандығын
алған адам ғана
әлемді, ондағы
өзінің орнын
иллюзияға түспей
көрсете алады.
Діни тәрбие ақылға
кедергі болады
деді.**

Атеистік

экзистенциализмнің
өкілі, философ П.
Сартр (1905-1980)
өзінің

«Экзистенциализм –
бұл гуманизм»,

«Бытие и ничто» және
т.б. еңбектерінде жеке
адамның тарихтағы
орны, оның қабілетін
түсіндіре білді.



Қорытынды:

- **Нұрсұлтан Әбішұлы: “Ислам дінін қабылдаған қазақтар Құран ережелерінің негізінде де, исламға дейінгі дәстүрлі ырым-жораға да табиғи түрде және бір мезгілде мінәжат ете алатын болған. Осылайша, қазақтар өздері үшін жаңа араб дінін қабылдағанымен, өз бабалары – түркінің көшпелі тайпаларының рухани мұрасынан да көз жазған жоқ”, - деп қазақ қоғамындағы ақиқат-шындықты айта келіп: “Исламның жан-жақты жорылуы ұдайы болып отыратын үрдіс, мұның Құран рұхы мен әріпіне де, Шариғатқа да қайшы келетін немесе қайшы келуі мүмкін ештеңесі жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде, менің пайымдауымда Қазақстанда біржолата орныққан исламдық дін таным үлгісін одан әрі идеологиялық тұрғыда дамытып, біздің теологтар тарапынан исламдық мұраларды жаңғыртуға, сөйтіп еліміздің мұсылман қауымының қазіргі жағдайына жаратуға жол бермеуге болмайды”, - деп қорытады (Н. Назарбаев «Сындарлы он жыл»). Нұрсұлтан Әбішұлы сөз етіп отырған мәселе қазақ халқының ХХІ ғасырдың басындағы және алдағы ғұмыр жолындағы діни-рухани бағдарына темірқазық болары кәміл.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

Негізгі:

Августин Аврелий Исповедь М., 1989.

Бердяев Н.А. Самосознание М., 1997.

Гегель Г.В. Философия религии В 2 – т. М., 1975 – 1977.

Кант И. Сочинения В 6 т. М., 1963 – 1966.

Ницше Ф., Фрейд З., Фромм Э., Комю А., Сарт К. Сумерки богов М., 1989.

Қосымша.

Айтбаев О. Дінтану негіздері. Қарағанды 2005

Бечсок А. Два источника морали и религии М., 1994.

Никонов К.И. Религиозен ли человек по природе М., 1990.

Религия, философия, Культура. М., 1992.

Философия және мәдениеттану. Оқу құралы. Құрастырған Алтаев Ж., Ғабитов Т.,
Қасабеков А. және т.б. Алматы, 1998.

Философия сөздік «Қазақ энциклопедиясы» Алматы, 1996.



МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

**ДІН - ҰСТАЙ АЛСАҢ
ҚАСИЕТІҢ, ҰСТАЙ
АЛМАСАҢ ҚАСІРЕТІҢ**



Назарларыңызға рақмет!!!